bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Ш.Құдайбердиев. "Адамның нашар мінезі"

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 10.01.2018 | https://bilimger.kz/25464/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | | |
|---|---|---|---|
| Батыс Қазақстан Облысы<br>Казталов ауданы  Қоныс ауылы<br>Батырова Анаргул Мырзахметовна<br>(Бастауыш сынып мұғалімі)<br><br>**Сабақтың тақырыбы** | | **Ш.ҚҰДАЙБЕРДИЕВ. « АДАМНЫҢ НАШАР МІНЕЗІ »** | |
| **Мақсаты** | | Адам бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттердің пайдасы мен зиянын дұрыс тануына жол салу | |
| **Күтілетін нәтижелер** | | Сезіммен өлең өрген жыр пырағы Шәкәрім туралы және «Адамның нашар мінезі » өлеңінің тақырыбы мен идеясы, көркемдік бейнесі жөнінде түсінік алады.(барлығы)<br>эстетикалық бағалау қабілеті қалыптасады,(көпшілігі)<br> өмірмен байланыстырады, алған білімінің құндылығын анықтайды.(талантты және дарынды оқушылар) | |
| **Керекті жабдықтар** | | презентация, интерактивті тақта , Шәкәрім кітаптары. | |
| **Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер** | | Ой қозғау, «Қапшықтағы фасоль»әдісі ,сұрақ қою техникалары, видеоподкаст,топтық жұмыс, жеке жұмы, миға шабуыл, 1 сұрақ 5 идея қалыптастырушы, формативті бағалау түрлері. | |
| **Сабақ барысы:** | | | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Уақыты** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** |

<table>
<tr>
<td>Кіріспе</td>
<td>6мин</td>
<td>Ширату «Ұшақ» ойыны Ұшаққа әр оқушы өздерінің жаман, жақсы қасиеттерін жазып бір-біріне ұшырып, кім екенін анықтау.<br>І топ «Елгезектер»<br>ІІ топ «Ақылдылар »<br>Үй тапсырмасы:<br>• Балалар, сіздер өткен сабақта Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып » деп аталатын өлеңіне тоқталдыңыздар. Ал, енді сұрап көрейік.<br>Үй тапсырмасын жұптық әдіспен жатқа оқу,тексеру,критерий арқылы жұпық бағалау.
<table>
<tr><td>Оқушының аты-жөні:</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Өлеңді мәнерлеп оқуға қойылатын критерий</td></tr>
<tr><td>• Асықпай,сауатты оқу;</td><td></td></tr>
<tr><td>• Нақышына келтіріп оқу;</td><td></td></tr>
<tr><td>• Қатесіз айту;</td><td></td></tr>
<tr><td>• Дыбыс үндестігін дұрыс келтіру;</td><td></td></tr>
<tr><td>• Өлеңді мәнерлеп оқу.</td><td></td></tr>
<tr><td>Бағасы:</td><td></td></tr>
</table>
Жұбыңның үй тапсырмасына дайындығын критерий бағандарының тұсына құс тұмсығын қою арқылы белгілеп, бағасын қойып бер.</td>
<td>Сәлемдеседі. Екі топқа бөлініп отырады.<br>Диаогтық әдіс<br>Оқушылар жұппен тұрып,бір-біріне өлеңді мәнерлеп жатқа оқып береді,өзара критерий арқылы бағалайды.<br>Оқушыларға жұптық бағалауларын оқиды.<br>Жаппай бағалау парақтарын жинайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Негізгі бөлім</td>
<td>6 мин</td>
<td>Миға шабуыл<br>1.Балалар парақшаларда берілген өлеңді оқып оның кімнің өлеңі екенін анықтаңыздар?<br>—Бұл өлең естеріңізде бар ма?<br>— «Сен ғылымға »3 сынып<br>— « Жаз келер »3сынып<br>2. «1 сұрақ 5 идея» әдісі<br>Оқушыларға Шәкәрім туралы ресурс беріледі. Ол туралы берілген параққа жазады.<br>Шәкәрім Құдайбердиев 1858 жылы 11- шілдеде Семей облысы, Абай ауданында туған. Шәкәрім Орта жүз, Арғын руы, Тобықты. Ол төрт рет қажылыққа барып, «қажы» атанған. Қазақтың ұлы ақыны, жазушы, философ, тарихшы, аудармашы, сазгер.
<table>
<tr><td>Ш.Құдайбердиев</td><td>1<br>2<br>3<br>4<br>5</td></tr>
</table>
Ә) Ой қозғау<br>Бейнеролик арқылы адамның мінезін көрсету.<br>— Фильмдегі кейіпкердің бойынан не байқадыңдар ?<br>— Мұны бір сөзбен қандай мінез дейміз?<br>— Сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы: « Адамның нашар мінезі »деп аталады.<br>Сергіту сәті.  Жалқаубек әні<br>1.Жүресінен отыру<br>2. Аяғын тізесіне біршама бүгіп отыру<br>3, Әдеттегі тұрған бағыты жым болып тұру<br>4. Қолын шынтағымен көтеру<br>5. Қолын жоғары көтеріп, алақанын соғып, аяқтың ұшымен тұру</td>
<td>Ой қозғайды<br>Бейнеролик көреді<br>Тақырыпты жазады</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td colspan="2">Қорытынды</td>
<td></td>
<td>
I тапсырма :<u>Топпен мәнерлеп оқу</u><br>
Ең үздік оқитын оқушыны таңдату;<br>
Топтан жеке алға шығып мәнерлеп оқу.<br>
-Міне өлеңді нақышына келтіріп оқып,мағынасын түсінгенде оқушы осындай мәнерлеп оқу сайыстарында жүлделі орын ала алады екен. оқуымыз керек,соған дағдыланып,қалыптасуымыз керек.<br>
«Кинометафора» әдісі<br>
Видеоролик «Адам мінез құлқының денсаулығына әсері»<br>
II тапсырма <u>Топтық жұмыс</u><br>
Енді адам бойындағы өзіңіз білетін өмірде көріп жүрген жағымды, жағымсыз қасиеттерді еске түсіріп жазайық. Өлең кімге арналған? Өлеңдегі негізгі ойды анықтайтын шумақты тап. Балалар, біз өзін-өзі тану сабағында «Данышпан ата» кеңестерін тыңдаған болатынбыз. Қане, еске түсірейік.<br>
Ашу қысқан кезде өзіңді өзің ұстай біл.<br>
Ашуланған кезде 1- ден 10- ға дейін іштей сана.<br>
Жақсы нәрсе туралы ойла.<br>
Өзіңді ұстамды, сабырлы адаммын деп есепте.<br>
Басқа адамдарды ренжітетініңді ойла.<br>
Соңынан өкінетініңді есіңе ал.<br>
Ашуды ақылға жеңдір.<br>
<u>Жағымды:</u> <u>Жағымсыз:</u><br>
<table>
<tr><th><u>Жағымды:</u></th><th><u>Жағымсыз:</u></th></tr>
<tr><td>әдепті, ізетті, адал, сыпайы, инабатты, еңбекқор, алғыр</td><td>өтірікші, дөрекі, ызақор, надандық, ашуланшақ, еріншек, жалқау</td></tr>
</table>
<br>
«Бэкроним» әдіс<br>
Ашу – дұшпан,ақыл-дос,<br>
Ақылыңа ақыл қос.<br>
Елгезек екі айтқызбайды.<br>
Жақсы балаға айтсаң — білер,<br>
Жаман балаға айтсаң — күлер.<br>
мақал-мәтелдердің мағынасын ашу .<br>
-Достарыңның ішінде осындай мінезді балдар болса оған қандай кеңес берер едің?<br>
<br>
<u>«Қапшықтағы сұрақ » әдісі</u> <u>(Кері байланыс)</u><br>
1.Қалай ойлайсыздар, нашар мінез деген не?<br>
2.Ақылды адамдар қандай болады?<br>
3. Өлең кімге арналған?<br>
4. Шәкәрім қай жылы дүниеге келген?<br>
5.Шәкәрімнің туған жері<br>
6.Шәкәрім қай рудан,жүзден тараған?<br>
7.Ызақор өлеңінің негізгі идеясы не?(Ашу ызасын ұстай алмайтын адам-ызақор.Ашу-ызаңды ұстай білу керек,егер ұстай алмасаң бір нәрсеге ұрынасың)<br>
8.Еріншек өлеңінің негізгі идеясы ?(Жалқаулық,еріншектіктің түбі надандыққа соқтырады)<br>
9.Адам бойын ыза кернегенде не болады екен ?
</td>
<td>
Автор туралы айтады<br>
Кластер толтырады<br>
Жұппен жұмыс<br>
Оқып береді<br>
Іштей оқу<br>
Сөздік жұмысы<br>
Топта мәнерлеп оқу<br>
Ең үздік оқитын оқушыны таңдау<br>
Топтан жеке алға шығып мәнерлеп критерийге сай оқу<br>
Бірін-бірі «екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалайды.<br>
<br>
Топпен жұмыс<br>
Сұраққа-жауап береді<br>
Жұптық<br>
Дәптермен жұмыс
</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>5 мин</td>
<td colspan="2">
10.Ашуға берілген адам қайтеді?<br>
11.Ерiншектiктен не пайда болады?<br>
— Қандай бала болуымыз керек?<br>
Талапты Талантты Еңбекқор Ақылды Оқуда озат<br>
Сабақ критерийлеріне сәйкес оқушылар өздерін ,мұғалім суммативті бағалайды.<br>
Үйге тапсырма<br>
Өлеңді мәнерлеп оқу, сыныптағы достарына мінездеме беру.<br>
Рефлексия «Аралдар »
</td>
<td>
Мақал-мәтелдің мазмұнын ашады<br>
Өздеріне формативті баға береді.<br>
Үй тапсырмасын жазып алады.<br>
Рефлексия
</td>
</tr>
</table>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.